

**«JAS OTAN» ЖАСТАР ҚАНАТЫНЫҢ
2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ «ЖАСТАР-ОТАНҒА!»
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Бағдарлама Елбасы, «Nur Otan» партиясының Төрағасы
Н.Ә. Назарбаевтың 2019 жыл 21 тамыздағы
тапсырмасына сәйкес әзірленді



«Жаңа буын ірі проблемаларды шеше алатындай болулары, сондай-ақ өзгерген экономикалық және технологиялық жағдайларға бейімделе білулері тиіс, сондай-ақ олардан ғаламдық трендтерді екі қадам бұрын сезіне отырып, қалыптасқан жағдайларды тиімді түрде пайдалана білу талап етіледі».

«Мен сендердің өз елдеріңмен мақтанғандарыңды, оның тарихын жақсы білгендеріңді және алға сеніммен қарағандарыңды қалаймын. Қазақстанның болашағы берік қолда екеніне және сендер оны аса дамыған 30 елдің қатарына қосатындарыңа сенімдімін».

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті
– Елбасы, «Nur Otan» партиясының Төрағасы
Нұрсұлтан Назарбаев



«Қазақстан – жас әрі жастардың мемлекеті! Жастарымыз – дамудың қозғаушы күші. Барлық мемлекеттік органдардың міндеті – жастардың өзін-өзі жақсы танытуына жағдай жасау және олардың оң бастамаларына қолдау көрсету».

«Сіздер, жастар, – ерекшесіздер. Сіздер таңдану мен құрметтеуге лайықты отандастарымыздың жаңа келбетін қалыптастырып келесіздер. Сіздерге бүкіл әлем ашық. Білімге деген терең талпыныс сіздерді үнемі алға ұмтылуға итермелейді».

**Қазақстан Республикасының Президенті
Қасым-Жомарт Тоқаев**

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

ЕЛ БОЛАШАҒЫ – ЖАСТАР!

- Біз кімбіз?
- Бізді біріктіретін құндылықтар
- Біздің миссия
- Біздің қағидаттар

БІЗДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ БЕН МІНДЕТТЕРІМІЗ

НЕ ЖАСАЛУЫ ТИІС?

- Азаматтық белсенділік
- Сапалы білім
- Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту
- Жас отбасыларды қолдау және қолжетімді баспана
- Тұлғалық даму және бос уақытты тиімді өткізу

#VISION2025 – БІЗ БЕЛГІЛЕГЕН МЕЖЕ

Біз, Тәуелсіз Қазақстанның жас буыны, біздің талпыныс, білім мен қабілеттеріміз мемлекет және қоғам дамуының қозғаушы күшіне айналатынына сенімдіміз. Елдегі оң өзгерістер қарқынын күшейту мен оны әлемнің бәсекеге қабілетті мемлекеттерінің қатарына қосу – біздің күш-қуатымызда.

Біз жас ұлтты мемлекетпіз, еліміздің әрбір екінші тұрғыны 30 жасқа толмаған азаматтардан құралады. Еліміздегі жастардың үлесі әлемдегі орташа көрсеткішпен салыстырғанда әлдеқайда жоғары.

Сондықтан өзінің тәуелсіз дамуында 30 жылдық шептен өткен Қазақстан үшін бірізді жастар саясатын жүргізу әрқашан негізгі басымдықтардың біріне айналды.

Елбасы, «Nur Otan» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев және Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жастар мәселесін дер кезінде шешу мен қолдаудың маңыздылығын атап, оларға әрдайым ерекше көңіл бөліп келеді.

Жастар – жаңа технология мен инновацияларды игеруде әрқашан алдыңғы қатардан табылатын және өзгерістерге барынша бейім қоғамның серпінді бөлігі. Олар аға буынмен салыстырғанда, өзара және әлеммен әлдеқайда жақынырақ байланыста. Жастарды сарқылмайтын энергия мен жаңа идеяларды генерациялау қабілеті, сондай-ақ оптимизмнің жоғары деңгейі айрықша ерекшелейді.

Жастардың әлеуетін нәтижелі пайдалану және олардың энергиясын еліміздің бүгіні мен сенімді болашағын құру үшін бағыттау маңызды. Бұл, әсіресе коронавирус пандемиясынан туындаған, бұрын-соңды болмаған жалпы әлемдік дағдарыс жағдайында аса өзекті. Оның салдарын еңсеруге ерекше идеялар мен шешімдер, барлық конструктивті күштер, әсіресе жастар жұмылдырылуы тиіс. Ол үшін жас ұрпаққа дер кезінде өзін-өзі жетілдіруге, еңбек етуге, білім алуға, өмір сапасын жақсартуға қолдау көрсетіп, жаңа мүмкіндіктер ашу қажет.

Сондықтан еліміздегі барлық санаттағы жастардың мүддесін білдіретін, 20 жылдық тарихы бар ең ірі жастар ұйымы ретінде «Nur Otan» партиясының «Jas Otan» жастар қанаты **жас қазақстандықтардың жан-жақты дамуы мен өзін-өзі қалыптастыруы үшін жағдай жасауды өзінің негізгі мақсаты етіп қояды.**

*«Кез-келген ұлттың болашағы – бұл Сіздер, жастар.
Елдің жетістігі мен табысты болашағы, ондағы жас
азаматтардың өздерін қаншалықты сенімді
ұстануымен анықталады»*

Қасым-Жомарт Тоқаев

БІЗ КІМБІЗ?

Біз – «Nur Otan» партиясы «Jas Otan» жастар қанатының жанында біріккен еліміздің жас, әрі еркін азаматтарымыз. Біз жастардың өзін-өзі қалыптастыруы үшін құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз етуге, олардың лайықты өмір сүруіне қажетті барлық жағдайларды жасауға ұмтыламыз.

Біз жастардың білім алуына, өз-өздерін қалыптастыру мен табысты еңбек етуіне мүмкіндік беріп, олардың әлеуетін ашатын негізгі бағыттар бойынша бағдар ұсынамыз.

Біз бүгінгі жағдайда жастардың көптеген әлеуметтік және мәдени кіші топтардан құралатынын жақсы түсінеміз. Сәйкесінше, қазіргі жастардың мақсаты, ынтасы және қызығушылығы олардың әлеуметтік ортасына, материалдық жағдайына, білім деңгейіне, сонымен қатар айналысатын қызметіне байланысты әр алуан.

«Jas Otan» өзінің 20 жылдық белсенді қызмет тәжірибесіне сүйене келе, студент, ғалым, шығармашыл, жұмысшы, кәсіпкер және ауыл мен қала жастарының мүдделерін қорғай отырып, оларға бағдарлама аясында нақты даму жолдарын ұсынады.

«Jas Otan» – өз қатарына 105 мыңнан астам жас азаматты біріктірген, еліміздегі ең ірі жастар ұйымы. Біздің бастамаларымыз мемлекетіміздегі жастардың басым бөлігін қамтиды.

«Jas Otan» – еліміздің барлық 17 аймағында филиалы бар, бірден - бір жастар бірлестігі. Қалалар мен аудандарда, ірі кәсіпорындар мен жоғары оқу орындарында «Jas Otan»-ның 534 бөлімшесі жүйелі жұмыс жасайды.

«Jas Otan» – кең ауқымды бастамаларды тиімді жүзеге асыру үшін, «Nur Otan»-ның барлық тетіктері мен ресурстық әлеуетін пайдалану мүмкіндігіне ие партияның жастар қанаты.

«Jas Otan» – Отанымыздың гүлденуі үшін күш біріктіруге ынталы еліміздің жас азаматтарына берілген мүмкіндік.

«Jas Otan» – барша жастар үшін әрқашан ашық. Біз ортақ мақсаттарымызға бірге жетеміз!

БІЗДІ БІРІКТІРЕТІН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі – біздің әрбіріміз үшін қасиетті ұғым. Біз білім алуға, еңбек ету мен өзін-өзі қалыптастыруға тең мүмкіндіктер берілген, бірлігі мен келісімі жарасқан еркін елде өмір сүрудеміз.

Жасотандықтар ұстанатын құндылықтар Қазақстан жастарына ортақ бағдар.

АДАМ, оның құқықтары мен бостандықтары, қажеттіліктері мен талаптары – біздің ұмтылысымыздың басты элементі. Адамдарға қамқорлық жасау, олардың конституциялық құқықтарын қорғау – біздің басты міндетіміз.

Біз үшін **БОСТАНДЫҚ** – жауапты таңдау мүмкіндігі. Әрбір адам қоғамның басқа мүшелерінің заңды құқықтарын бұзбай, өзі қажет деп санаған таңдауды жасауға ерікті.

Біз **ӘДІЛЕТТІЛІК ЖӘНЕ ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ** идеяларына адалмыз. Заң алдында барлық азаматтардың теңдігі – мемлекет дамуындағы шешуші фактор.

Азаматтық **ЫНТЫМАҚШЫЛДЫҚ** таныту, өзгеге бей-жай қарамау, әрбір адамға көмек беруге дайын болу – қазақ қоғамындағы өркендеудің негізі.

ОТБАСЫ институтын нығайту, **ДӘСТҮРДІ** сақтау, **МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ** дамыту – бұл ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің басты шарттары және біздің өзгешелігімізді сақтаудың кепілі екендігіне сенімдіміз. Онда ұлттық кодымызға тән сабақтастық, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді құндылықтар бекітілген.

Біз үшін қажырлы еңбек пен білімге деген ұмтылыс – әрбіріміздің және баршамыздың жетістікке жету кепіліміз. Біз, **БОЛАШАҚҚА ҰМТЫЛҒАН** жастар, алдымызға айқын мақсаттар қоя отырып, оларға жету жолында бар күшімізді жұмылдырамыз.

БІЗДІҢ МИССИЯ

Сапалы білім алуға ынталы, өзін-өзі қалыптастыруға ұмтылатын, өзінің және елінің болашағы үшін жауапкершілікті терең сезіне отырып, біздің құндылықтарымыз бен қағидаттарымызға ортақтасатын әрбір жас қазақстандық-патриоттың мүддесін қолдау.

БІЗДІҢ ҚАҒИДАЛАР

Біз келесі жеті негізгі қағиданы берік ұстанамыз:

1. Адамгершілік пен жауапкершілік. Күнделікті іс-әрекетте мейірімділік, адалдық және әдептілік таныту, этика нормаларын қатаң сақтау – прогрестің негізі. Біз өз таңдауымыз бен іс-әрекетімізге жауапкершілік танытып, оларды іске асыруға дайын болуымыз керек.

2. Тарихты, мәдениетті және дәстүрді құрметтеу. Мемлекеттік тілді меңгеру, өз халқыңның тарихы мен мәдениетін білу аса маңызды. Біз ұрпақтан-ұрпаққа берілетін құндылықтарды қатаң ұстана келе, қазіргі әлемнің озық жетістіктерін өмірімізге кірістіреміз және бірегей болмысымызды сақтауға ұмтыламыз.

3. Оқу және тұлғалық даму. Заманауи қоғам қарқыны бізден өз біліктілігімізді үнемі дамытып, білімімізді жетілдіруді талап етеді. Алдыңғы қатарлы, жан-жақты, әрі шығармашыл болу – біздің буынның бәсекеге қабілеттілігі мен табысқа жетуінің кепілі. Біз жаңашылдыққа ұмтыламыз және инновацияларға ашықпыз.

4. Салауатты өмір салты. Дені сау жастар – қуатты ұлттың негізі. Біз деніміздің саулығын үздіксіз қадағалап, спортпен шұғылдануды қалыпты жағдайға айналдыруды қалаймыз. Жастардың зиянды әдеттерден саналы түрде бас тартуы аса маңызды.

5. Қоршаған ортаға қамқорлық жасау. Дамыған қоғам қоршаған ортаға қатысты әдепті әрекетімен ерекшеленеді. Табиғатқа құрметпен қарауды, жасыл алаңдарды көбейту мен күтуді, суды үнемдеп пайдалануды, қоршаған ортаны ластамауды әдетке айналдыру маңызды.

6. Белсенді азаматтық ұстаным. Өз әлеуетімізді жүзеге асыру арқылы туыстар мен достарға, қоғам мен елге пайдамызды тигізу – біздің азаматтық ұстанымымыз. Біз бірігіп, мұқтаж жандарға волонтерлік, қайырымдылық көмекті ұйымдастыруды қолдаймыз. Жастардың күн тәртібіндегі өзекті мәселелерін белсенді талқылау үшін, ашық диалогқа дайынбыз.

7. Құқық бұзушылық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы «нөлдік төзімділік». Әдептілік, адалдық және заңға бағыну – жастардың санасында, заң бұзушылықтың кез-келген формасынан табанды түрде бас тарту мәдениетін қалыптастырудың жолы. Осындай өмір салтын қалыптастыра отырып, біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрамыз. Бұл қауіпті құбылысты ел дамуының басты кедергісі деп есептейміз.

БІЗДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ БЕН МІНДЕТТЕРІМІЗ

Қазақстан Тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап жастар саясаты мемлекеттің басты басымдықтарының бірі болып келеді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы, «Nur Otan» партиясының Төрағасы Н.А. Назарбаевтың тұрақты назары мен қамқорлығының арқасында жастардың дамуы мен өз әлеуетін жүзеге асыру үшін берік негіз қаланды.

Бүгінгі таңда 14 пен 29 жас аралығындағы 3,8 миллион жас азамат бар, олар халықтың 21%-ын құрайды. Ал 14 пен 35 жас аралығындағы қазақстандықтардың саны 6,1 миллион немесе 33%. Оны жоғары сынып оқушылары, студенттер, жұмысшы жастар, сонымен қатар NEET санатындағы жас азаматтар құрайды.

Қолдау шаралары белгілі дәрежеде барлық санаттағы жастардың мүдделерін қамтиды.

Біріншіден, заңнамалық база жасалды және жастар саясатының негізгі құралдары қалыптасты.

2015 жылы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» жаңа Заң қабылданып, мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен оны іске асыру бойынша нақты тетіктер айқындалды.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің құрылымында Жастар және отбасы істері жөніндегі комитет қызмет етеді, сондай-ақ елдің барлық аймақтарында жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармалар жұмыс істейді.

Жыл сайын жастар мәселелерінің негізгі салаларындағы жағдайға жан-жақты талдау жүргізілетін «Қазақстан жастары» Ұлттық баяндамасы әзірленеді.

Бес жыл бұрын Қазақстандағы жастар саясатының жүйелі дамуына қуатты серпін берген «Jas Otan» Жастар қанатының 2020 жылға дейінгі «Жастар-Отанға!» Жастардың жетістік жолы» бағдарламасы қабылданды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2019 жылды Жастар жылы деп жариялады.

Екіншіден, білім алу қолжетімді етілді.

Жастардың білім алуға қол жеткізуін қамтамасыз ету Тәуелсіз Қазақстандағы жастар саясатының құрамдас бөлігіне айналды.

Ел жастары ақысыз негізде білім алуда кең мүмкіндікке ие болды. 1999 жылдан бері ЖОО-дағы грант саны 3,5 есе артты. 2019 жылы 604,3 мың жастың 227 мыңы бюджет есебінен білім алды, бұл ЖОО-дағы барлық студенттердің үштен бір бөлігі.

Жастар нарықта сұранысқа ие мамандық иесі атануы үшін «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы жүзеге асырылуда. 2021 жылға дейін жоба аясында 670 мың адам оқытылады.

Елбасының «Болашақ» бағдарламасы аясында жастарды әлемнің үздік университеттерінде оқыту жалғасуда. Мұндай теңдессіз мүмкіндікке 13 мыңнан астам жас қазақстандық ие болды, олардың басым бөлігі қазір Қазақстанның әр өңірінде қызмет атқаруда.

«Nazarbayev University»-де үздік халықаралық стандарттарға сәйкес білім алуға жағдай жасалынған. 2010 жылдан бері бұл мүмкіндікті 3 782 студент пайдаланды.

Үшіншіден, ел жастары жалпыұлттық міндеттерді жүзеге асыруға жұмылды.

Мемлекеттік бағдарламаларда көрініс тапқан жастар саясаты саласындағы жобалар әзірленіп, жүзеге асырылуда.

«Жасыл ел» бағдарламасы аясында елді мекендерді көгалдандыру мен абаттандыруға 250 мың жас қатысты.

«Серпін-2050» бағдарламасы аясында мамандар тапшы аймақтарға жұмыс күші артық өңірлерден 1,5 мың жас азамат қоныстандырылды.

Ауылдық жердің кадрлық әлеуетін күшейтуге бағытталған «Дипломмен – ауылға!» жобасы аясында 2009 – 2018 жылдар аралығында 60 мыңнан астам жас маман жұмыспен қамтылды.

2017 жылдан бастап «Еңбек» бағдарламасы бойынша 5,6 мың жас қазақстандық өз бизнесін дамытуға шағын несие алды. 10,5 мың жас азаматқа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік гранттар үлестірілді.

«Jas Otan»-ның белсенді қатысуымен жүзеге асырылған бұл жобалардың барлығы жастардың еңбекке бейімделуіне маңызды серпін берді және жастардың жұмыспен қамтылуын арттыру құралына айналды.

Төртіншіден, жас таланттарды қолдау тетіктері жұмыс істейді.

Дарынды жастарды қолдау мақсатында ғылыми, шығармашылық, қоғамдық қызмет, сондай-ақ жоғары спорттық жетістіктері үшін жыл сайынғы мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығы бекітілді. 1998 жылдан бері бұл марапатқа 244 талантты жас ие болды.

«Jas Otan» Қазақстанның әр аймағындағы 300 мың шығармашыл жасты біріктіретін Jaidarman телевизиялық жобасына үнемі қолдау білдіріп келеді.

Бесіншіден, жастарды тәрбиелеу мен шоғырландырудың қуатты факторына айналған еріктілер қозғалысы белсенді түрде дамып келеді.

2016 жылы «Jas Otan»-ның бастамасымен волонтерлік мәдениет пен волонтерлік бастамаларды дамыту мақсатында «Волонтерлік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

«Ұлттық волонтерлар желісі» құрылды. «Қазақстан еріктілері Лигасы» ірі еріктілер ұйымы Алматыда Қысқы Универсиада-2017 қатысып, ерекше тәжірибеге ие болды. Жалпы бүгінде 200-ден астам еріктілер ұйымына 50 мыңнан астам волонтер жұмылдырылған.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылды «Волонтер жылы» деп жариялады.

Бүкіл әлемді жайлаған коронавирус пандемиясы барлық адамзат үшін жаңа сынаққа айналды. Қазақстан жастары «Jas Otan» бастамасына қосылып, карантинде қиын жағдайда қалған 300 мыңнан астам отбасыға әлеуметтік қоржындар мен антисептикалық жиынтықтарды жеткізу үшін «Біз Біргеміз!» жалпыұлттық волонтерлік акциясын ұйымдастыра алды.

Волонтерлар сондай-ақ блокпосттар мен індет таралуы мүмкін орындарда коронавирус инфекциясын алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Бұл жетістіктер жас буынға қолайлы әлеуметтік орта, білім алу және үйлесімді тұлғалық өсуге жағдай жасаған аға буын қолдауының нәтижесі.

Бүгін әлем өзінің дамуында күрделі кезеңнен өтіп жатқанын көріп отырмыз. Жаһандық белгісіздік, коронавирус пандемиясы салдары бүкіл әлемдегі адамдардың, соның ішінде жастардың өміріне ықпал етуде. Әлем елдері осы жаһандық сын-қатерлерді тоқтатуға бағытталған тиісті шараларды іздеуде.

Бүгінде ЭЫДҰ елдері жастардың біліктілігін арттыру және еңбек нарығының талаптарына бейімдеу, жастар ұйымдарының жобалық қызметін қолдау, сондай-ақ жастардың қоғам мен мемлекет өміріне араласуын кеңейту арқылы жас буынды жұмыспен қамтуды ынталандыруға ерекше көңіл бөліп келе жатқанын халықаралық тәжірибе көрсетті.

Бұл бағыттар жастарды алдағы өзгерістерге дайындау үшін аса маңызды және оның аясында қабылданған шаралар жастардың билікке артқан сенімсіздігіне тиісті жауап болып табылады.

Жаһандық өзгерістер мен экономикалық, технологиялық және саяси-әлеуметтік дамудың жедел қарқын алған жағдайында Қазақстан жастары да бүкіл әлемдегі жастар кезіккен проблемалармен бетпе бет келуде.

Әлемдік трендтер мен Қазақстан жастарының сұраныстарын ескере отырып, біз жастар саясаты саласындағы келесі міндеттерді шешуді маңызды деп санаймыз.

Біріншіден, жастарды елдің саяси-қоғамдық өміріне араластырудың жаңа тетіктерін жүзеге асыру қажет.

Қазіргі уақытта жастардың өкілдік органдар қызметіне қатысуының төмен деңгейі байқалып отыр. 2019 жылы олардың мәслихат депутаттарының арасындағы үлесі бар-жоғы 2,8%-ды (96 адам) құрады.

2020 жылы Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» заңына өзгерістер енгізіліп, соған сәйкес партиялық тізімге әйелдер мен жастар үшін кемінде 30% мөлшерінде арнайы квота бөлінді.

Біздің алдымызда жас қазақстандықтарды әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси мәселелерді шешуге тиімді қатыстыру міндеті тұр. Жастар елді жаңғырту процесіне белсенді араласып, өз мүдделері мен басымдықтарын қорғауы керек.

Екіншіден, еңбек нарығының сұранысын ескере отырып, білім беру сапасын арттыру.

Кадрларды даярлауда нарықтың шынайы қажеттілігі ескерілмейтіні байқалады. Сонымен бірге біліммен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, қалалық және ауылдық жерлер арасында 3 (үш) жылға тең келетін білім сапасының алшақтығы сақталуда. Сондай-ақ университеттердің жалпы рейтингі төмен деңгейде: 2020 жылға арналған QS World University Rankings рейтингісіне сәйкес Қазақстанның 131 жоғары оқу орындарының тек 2-і әлемдегі үздік 500 университеттің қатарына енді.

Зерттеулерге сәйкес түлектердің шамамен 35%-ы өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді, ал 40%-ы оқу бітіргеннен кейін бір жыл көлемінді жұмыс таба алмайды. Соңғы жылдары еліміздің бизнес өкілдері университеттерде кадр даярлаудың сапасы төмендегенін айтып келеді.

Мұның бәрі білім беру жүйесін жаңа сапа стандартына сай қайта бағдарлауды, сұранысқа ие мамандарды даярлауды және оларға практикалық жұмыс дағдыларын үйретуді қажет етеді.

Үшіншіден, жұмыспен қамту және жастар кәсіпкерлігін қолдау тетіктерін жетілдіру.

Жастар арасында жүргізілген сауалнамаларға сәйкес, кепілдікпен қамтамасыз ету – бизнесті несиелеудегі негізгі кедергі болып табылады.

28 жасқа дейінгі жұмыссыз жастар – 3,8%, 84,7 мың адамды құрайды. НЕЕТ жастарының үлесі – 7,3%. Жұмыс пен тұрақты табыстың болмауы олардың сатып алу қабілетіне және жалпы әлеуметтік әл-ауқатына айтарлықтай әсер етеді. Қазіргі уақытта жастардың 30%-ы лайықты жалақысы бар жұмыстың тапшылығын алға тартып отыр.

Сондықтан жастарды жұмысқа орналастыру тетіктерін одан әрі дамыту маңызды міндет.

Төртіншіден, жастардың баспанаға қолжетімділігін арттыру.

Бүгінгі таңда жастардың «7-20-25», «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламалары аясында баспана сатып алу мүмкіндігі бар. Сондай-ақ олар үшін жаңа «Жас отбасы» жинақтау бағдарламасы ашылды.

Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында жұмысшы жастар үшін алдағы үш жылда жалдамалы 9 мың пәтер салу жоспарланған.

Алайда осы бағдарламаларға қатысу үшін жастарға бастапқы жарнаны, кірістерді жинау қиынға соғады. Жергілікті атқарушы органдар арқылы жас отбасыларға арналған тұрғын үй бағдарламалары жоқтың қасы.

Зерттеу нәтижелері жас қазақстандықтардың 18%-да ғана жеке үйлері бар екенін көрсетті. Әрбір төртінші жас азамат жалдамалы пәтерде, ал 52%-ы ата-аналарымен бірге тұрады. Бұл жастардың, әсіресе жас отбасылардың жеке баспана сатып алу мүмкіндіктерін одан әрі кеңейту қажеттігін көрсетеді.

Бесіншіден, жастардың тұлғалық дамуы мен бос уақытын тиімді ұйымдастыруға ерекше назар аудару керек.

Бүгінгі таңда өңірлерде оқушылар, жастар, спорт сарайлары, коворкинг орталықтары, кітапханалар, кинотеатрлар жұмыс істейді. Алайда аймақтарда мұндай нысандардың тапшылығы байқалады. Мысалы, СҚО-да – 33, БҚО мен Шымкентте – 3 стадион; Ақмола облысында – 369, Маңғыстау облысында – 11 кітапхана бар. Көптеген қалаларда кинотеатрлар жоқ.

Сондай-ақ сауалнамаға қатысқан ауыл жастарының 38,3% -ы аймақта ойын-сауық мекемелері жоқтығын алға тартты, қалада бұл мәселені респонденттердің 63,1% -ы көрсеткен.

Әр елді мекенде жастар арасында түрлі сипаттағы ойын-сауық орталықтары сұранысқа ие. Барлық санаттағы жастар үшін тұлғалық дамуға және бос уақытты тиімді өткізуге мүмкіндік жасау қажет.

НЕ ЖАСАЛУЫ ТИІС?

«Бүгінде біздің өміріміздің барлық саласы – білім беру, жұмыс, отбасы, тіпті бір-бірімізбен қалай сөйлесетінімізге дейін елеулі өзгеріске ұшырап отыр. Осының бәрі әрбір адамның даму траекториясына және тұтастай алғанда, бүкіл әлемге түбегейлі ықпал етеді»

Нұрсұлтан Назарбаев

Бүгін біздің алдымызда бес негізгі жұмыс бағыты тұр. Олар еліміздің әрбір жас азаматы үшін өзекті.

Бұл – азаматтық белсенділік, сапалы білім, лайықты жалақысы бар жұмыс, қолжетімді баспана және бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Осы бағыттар аясында біз жастардың өмір сүру сапасын жақсартып, олардың бойындағы әлеуетін ашатын негізгі міндеттер қойдық. Біздің міндеттер мен оларды іске асырудың жолдары бағдарламада нақты белгіленген. Олардың орталық және аймақтық деңгейде іске асырылуы келесі шаралар арқылы қамтамасыз етіледі:

Біріншіден, осы бағдарламаның бағыттарына сәйкес қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін кешенді шаралар мен нақты индикаторлар көрсетілген аймақтық жол карталары қабылданады. Жол карталарының іске асырылуы еліміздің әрбір ауданы, қаласы мен облысында маңызды басымдыққа ие болмақ.

Екіншіден, жастар үшін қарастырылған 20% квота **партияішілік праймериз** арқылы белсенді және талантты жас қазақстандықтардың пулы жасақталады.

Нәтижесінде, партияның жас өкілдері 2025 жылға дейінгі «Жастар-Отанға!» бағдарламасын Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде және барлық деңгейдегі мәслихаттарда іске асыру үшін нақты шаралар қабылдайды.

Үшіншіден, мемлекеттік органдар тарапынан жастар мәселелерінің шешілуін жүйелі бақылау үшін «Jas Otan» мен «Nur Otan» партиясының ресурстары мен мүмкіндіктері толық қолданылады.

АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

*«Нағыз патриоттардың, жауапты жас көшбасшылардың
жаңа буыны қалыптасқаны мені қуантады»*

Нұрсұлтан Назарбаев

Елдегі табысты өзгерістердің маңызды шарты – бұл азаматтардың, әсіресе жастардың саяси-қоғамдық өмірге белсенді араласуы, сондай-ақ олардың ашық диалогқа шығу қабілеті мен ортақ мақсаттарға жету үшін күш біріктіруі.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, азаматтық белсенділіктің жоғары деңгейі, бұл – қоғамдық бақылаудың дамуы және билік пен азаматтар арасында өзара тиімді диалогтың болуы.

2019 жылы елімізде жастар бірлестіктерінің қызметіне жастардың 86,7%-ы қатыспаған. Бұл жастардың ҰЕҰ қызметіне қатысуының төмен деңгейін көрсетіп отыр.

Сонымен қатар, ақпараттық технологиялардың дамуы белсенді азаматтық ұстанымды білдірудің жаңа арналарын ашты.

Бүгінде, жастар өзінің азаматтық ұстанымын әлеуметтік желілер арқылы батыл түрде білдіргенімен, қоғамдық институттар жұмысына әркез белсенді қатысуға тырыспайды.

Волонтерлік қызмет, саяси-партиялық жұмыс, ҰЕҰ мен жастар ұйымдары қызметіне, сондай-ақ өзге де бастамашыл топтардың жұмысына қатысу дәстүрлі түрде жастарды ашық қоғамдық өмірге тартудың құралдарына айналды.

МАҚСАТЫ: ел мен қоғамды дамыту мәселелеріне жастардың етене араласуын арттыру

Іске асыру жолдары:

1. Жастардың елдегі саяси-қоғамдық өмірге қатысуын жандандыру:

- жастардың «Nur Otan» партиясы праймеризіне белсенді қатысуын, партияның түрлі бастамаларына, партиялық органдардың жұмысын жүзеге асыруға араласуын қамтамасыз ету;

- «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңға нақты тетіктер мен мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыру бойынша өзгерістер және толықтырулар енгізуге ұсыныс жасау;

- жастарды сайлау науқанына жауапкершілікпен қатысуға жұмылдыру, жастар квотасы бойынша заңнамалық нормалардың

орындалуына қол жеткізу және барлық деңгейдегі өкілетті органдардағы жастардың санын арттыру;

- Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттарда жастар ұйымдарының қатысуымен жыл сайынғы жастар мәселелері бойынша тыңдалым өткізуге қол жеткізу;

- мемлекеттік және өңірлік даму бағдарламаларын әзірлеуге, бюджетті қалыптастыруға, олардың орындалуын бақылауға қатыстыру арқылы, жастарды орталық және жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыруға тарту;

- елдегі және әлемдегі саяси-қоғамдық үрдістер туралы жастар арасында кеңінен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

2. Волонтерлік қызметті қолдау:

- әр колледжде және ЖОО-да волонтерлік қызметпен айналысатын студенттерге ұйымдастырушылық қолдау жүйесін құруға ықпал ету;

- орталық және жергілікті деңгейде волонтерлік бастамаларды қолдаудың нақты тетіктерін енгізуге ықпалдасу;

- мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, студент емес (жұмысшы жастар, өзін-өзі жұмыспен қамтыған және басқа да санаттағы жастар) волонтер жастарды ынталандыру тетіктерін пысықтау;

- белсенділер үшін арнайы білім гранттарын бөлу арқылы жастардың азаматтық белсенділігін ынталандыру.

3. Жастар мен студенттік ұйымдарды дамыту:

- мемлекеттік гранттар мен корпоративтік секторды тарту есебінен жастар ұйымдарының жобалары мен бастамаларын қаржыландыруды ұлғайтуға ықпал ету;

- мемлекеттің жастар және студенттік ұйымдармен әріптестігінің жаңа форматы мен алаңдарын ұйымдастыру;

- «Мемлекеттік қызмет туралы» заңға мемлекеттік қызметке орналасу кезінде жастар ұйымындағы жұмыс тәжірибесін есепке алу бойынша өзгерістер енгізу туралы бастама көтеру;

- жастар мен студенттік ұйымдардың сайлауға бақылаушы ретінде қатысуын арттыруға ықпал ету.

4. Жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеу:

- мектеп бағдарламаларында патриоттық құндылықтарға баса назар аударылған тәрбие компонентін күшейту;
- тәрбие жұмыстары жөніндегі проректорлардың, жастар ісі комитеттерінің қызметін күшейту арқылы колледждер мен жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысы жүйесін нығайтуға ықпалдасу;
- барлық меншік формасындағы білім беру ұйымдарындағы патриоттық үйірмелердің, клубтардың жұмысын жандандыру мен клубтық іс-шараларға қатысатын жастар санын арттыруға ықпал ету;
- өзін-өзі жұмыспен қамтыған жас азаматтар мен NEET санатындағы жастарды әлеуметтендіруге бағытталған жастар бастамаларын қаржыландыру үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан және корпоративтік сектордан қаражат тартуға қол жеткізу;
- білім беру ұйымдарының кірісі есебінен жоғары оқу орындары мен колледж жанындағы студенттік ұйымдарды қаржыландыру тетігін әзірлеуге және іске қосуға қол жеткізу;
- жастар арасында қылмысқа, сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділікті қалыптастыруға бағытталған оқу бағдарламаларында арнайы пәндер, мемлекеттік БАҚ -та бағдарламаларды енгізуге ықпал ету.

САПАЛЫ БІЛІМ

*«Сапалы білім – табысқа жетудің кілті
және экономиканы дамытудың басты құралы».*

Қасым-Жомарт Тоқаев

Қазіргі әлемде ғылым мен білім инновациялық прогрестің діңгегіне айналды. Білім саласына салынған инвестиция экономикаға ауқымды мультипликативті әсер бере отырып, оның өсуіне кепіл болып отыр. Бүгінгі күні сапалы білім – адамның басты бәсекелестік басымдықтарының бірі.

Қазақстанда білім беру саласы әрқашан ерекше басымдыққа ие. Бұл салада мемлекет тарапынан жан-жақты қолдауды жалғастыру маңызды.

Жаңа кезеңде жастардың бойында еңбек нарығындағы сұранысқа ие кәсіби дағдылар мен білімді қалыптастыруға басты назарды аудару қажет. Экономиканы дамытуға қажетті кәсіби дағдылар мен білім ғана қазіргі жастардың өзін-өзі қалыптастыруына жол ашады.

Қазақстан жастары цифрлы трендтің алдыңғы қатарынан табылуы тиіс. Цифрлық инфрақұрылымның тапшылығы немесе сәйкессіздігі және интернет жылдамдығының төмендігі, елдегі бірде-бір мектеп, колледж немесе университет қызметінде қиындық туындатпауы қажет. Бұлар өткеннің жәдігері сынды жойылуы керек. Барлық оқушылар мен студенттерге, алдағы уақытта өзге де санаттағы жастарға, заманауи цифрлы технологияларды пайдалану мүмкіндігін беру – еліміздің стратегиялық басымдықтарының біріне айналуы тиіс.

МАҚСАТЫ: жастарды қолжетімді сапалы білім берумен қамтамасыз ету.

Іске асыру жолдары:

1. Қала және ауыл мектептерінің арасында білім сапасындағы алшақтықты азайту:

- ауыл мектептерінің даму жоспарын ауылдық елді мекендерді дамыту (оңтайландыру) бағдарламасымен тікелей байланыстыруға қол жеткізу;
- өмір сүруге және жұмыс жасауға қолайлы жағдай туғызу арқылы жоғары білікті мамандарды – математика, қазақ және шет тілдері, тарих, сондай-ақ өзге де пән мұғалімдерін ауыл мектептеріне тарту жүйесін құруға ықпал ету;

- аудандық, қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық олимпиадаларға қатысушы ауыл мектептеріндегі оқушылардың санын арттыру арқылы олардың қала оқушыларымен байланысына жағдай жасау;

- ауыл мектептерінің жылдамдығы жоғары интернетке және онлайн-білімге қолжетімділігін едәуір кеңейтуге ықпал ету.

2. Білім беру ұйымдарындағы материалдық-техникалық базаны және цифрлы инфрақұрылымды нығайту:

- елдегі мектептер, колледждер мен университеттердің IT-инфрақұрылымын және техникалық жабдықталуын жақсартуға, оның ішінде тегін Wi-Fi желілерімен қамтамасыз етуге ықпал ету;

- онлайн-оқытуды дамыту, олимпиадаларға, ҰБТ-ға, дипломдық, ғылыми жұмыстарға дайындық арқылы IT-технологиялардың жаңа жетістіктерін оқу процесіне енгізуге ықпал ету;

- білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандырудың минималды стандарттарын әзірлеуге және енгізуге қол жеткізу;

- білім алушылардың киберқауіпсіздігін қамтамасыз етудің заманауи жүйесін құруға ықпал ету.

3. Жоғары білім сапасын арттыру:

- қазіргі стандарттар мен талаптарға сәйкес келмейтін көпсалалы университеттердің санын оңтайландыруға қол жеткізу;

- 2025 жылға қарай он қазақстандық университеттің QS World University рейтингісінің үздік 500 тізіміне енуіне ықпал ету;

- құжаттар пакетіне ынталандыру хаты және оқу жоспарын қосу арқылы мемлекеттік білім гранттарын бөлудің жаңа тәсілдерін енгізуге ықпал ету;

- студенттердің тәжірибелік дағдыларды игеруіне арналған дуалды әдіс бойынша оқытылатын мамандықтар санының өсуіне ықпал ету;

- инфляцияға сәйкес студенттер шәкіртақысының жыл сайынғы мөлшерін индекстеуге қол жеткізу;

- университеттерде сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық фактілерін азайту үшін жылына кем дегенде 2 рет (сессиялардың санына

сәйкес) «Таза сессия» акциясын өткізу, нәтижесін міндетті түрде уәкілетті орган деңгейінде талқылау;

- университеттерде қызығушылықтары бойынша студенттердің комьюнитиін қалыптастыру үшін нетворкинг пен алаңдар жүйесін құруға ықпалдасу.

4. Жастардың ғылыми-зерттеу әлеуетін арттыру:

- университеттер мен ғылыми институттар есебінен ғылыми бастамаларды ынталандыру арқылы ғылыми қызметке қызыққан жастар санының өсуіне ықпал ету;

- ғылымды мемлекеттік қолдау шаралары аясында жас ғалымдардың жобаларын гранттық қаржыландыру санының ұлғаюына қол жеткізу;

- мемлекет тарапынан салықтық және басқа да жеңілдік жасау арқылы жас ғалымдардың ғылыми жобаларын жеке сектордың қаржыландыруына қол жеткізу;

- ашық конкурстар арқылы жастардың стартаптары мен инновациялық жобаларын қолдау және ынталандыру жүйесін құруға ықпал ету;

- жас ғалымдардың халықаралық ғылыми жобалар мен байқауларға тұрақты қатысуына қол жеткізу.

ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

«Ең мықты валюта – адам еңбегі»

Нұрсұлтан Назарбаев

Бүгінде болып жатқан жаһандық үрдістер нарық пен жұмыс жағдайына айтарлықтай әсер етуде. Роботтандыру және жұмыс процестерін автоматтандырудың дамуына байланысты біртіндеп жұмыс орындарының төмендеуі байқалады.

2019 жылғы ресми мәліметтерге сәйкес, елімізде 29 жасқа дейінгі жұмыссыз жастардың саны **84,7 мыңға жетті**, бұл экономикалық белсенді азаматтардың **3,8%-ын** құрайды.

Сонымен қатар, коронавирус пандемиясы жұмыссыздық мәселесін ушықтырып, жұмыссыздардың жаппай көбеюіне әкеліп соқты. Осыған орай, мемлекеттік органдар елдегі жастар арасындағы жұмыссыздықтың шынайы деңгейін қайта қарастырады.

Дүниежүзілік еңбек ұйымының зерттеуіне сәйкес, 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында әлем бойынша 1,6 миллиард адам табысынан айырылып, жұмыссыз қалуы мүмкін. Бұл – үкімет үшін үлкен сын-қатер. Тек қуатты және бәсекеге қабілетті мемлекеттер ғана әлеуметтік көпілдіктер мен міндеттемелерін орындай алады. Қазіргідей күрделі жағдайда масылдықтың алдын ала отырып, азаматтардың жұмыспен қамтылуын, экономикалық белсенділігін қамтамасыз етудің жаңа тәсілдерін жасау маңызды.

Бүгінгі таңда жұмысқа орналасу барысында жаңа еңбек жағдайларына тез бейімделу, жедел оқуға қабілеттілік, «жұмсақ дағдылар» (softskills) басты назарға алынады. Сондай-ақ жұмыстың фриланс, парт-тайм, қашықтан жұмыс жасау сынды балама форматтары көбеюде. Бұл жоғары біліктілікті қажет етпейтін бірқатар мамандық түрлерінің жойылып, жаңа түрлерінің пайда болуына себепкер болып отыр.

Жастардың өз мамандықтары бойынша жұмыс жасамауы, олардың **7,3%-ы** (NEET еш жерде қызмет етпейтін немесе оқымайтын) жастардан құралуы ерекше алаңдаушылық тудырып отыр. Сауалнамаларға сәйкес, жастардың 38%-ның ресми жалақы алатын тұрақты жұмысы жоқ, сәйкесінше олар әлеуметтік және зейнетақы жарналарын төлемейді.

Қазақстандағы жұмыссыз жастардың көбі ресми түрде шетелде жұмыс жасап, өз еліне және отбасы мен достарына көмектескісі келеді. Жастар арасында мұндай сұраныс болғанымен, әлемнің дамыған, жұмыс күші жетіспейтін елдеріне (мысалы, Жапония, Оңтүстік Корея) жастардың

еңбек көші-қоны бойынша ынтымақтастық мәселелері үкіметаралық деңгейде реттелмеген.

МАҚСАТЫ: жастарды жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту, сондай-ақ жастар кәсіпкерлігін дамыту бойынша нақты жағдайлар жасау

Іске асыру жолдары:

1. Жастар арасындағы жұмыссыздықты азайту:

- мемлекеттік органдар бастамасымен іске асырылатын бағдарламаларда арнайы жастар үшін жаңа жұмыс орындарын құруды қарастыру арқылы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге ықпалдасу;
- Жас мамандарды тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз ету үшін жұмыс берушілерді ынталандыру жүйесін әзірлеу және енгізу;
- Қолданыстағы онлайн-порталдарды жетілдіруге, жастарды бос жұмыс орындары, біліктілігін жетілдірудің қысқа мерзімді оқу курстары мен жаңа мамандықтарға оқыту туралы жедел ақпараттандыру жүйесін құруға көмектесу.

2. Жастардың жұмысқа орналасуына жағдай жасау:

- Жұмыс күші артық аймақтан жұмыс күші жетіспейтін аймаққа еңбек ресурстарының еларалық ынталандыруға ықпалдасу;
- заңнамалық деңгейде үкіметаралық келісімдер жасау арқылы еңбек күші жетіспейтін әлемнің дамыған елдеріне жастардың еңбек көші-қонын ынталандыруға жағдай жасау;
- мемлекеттік тапсырысты орындау барысында еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып қажет мамандықтың саны мен түрі бойынша болжаудың тиімді әдістемесін әзірлеу;
- ірі кәсіпорындар мен ұйымдар тарапынан колледждер мен жоғары оқу орындарында әрі қарай жұмыспен қамтамасыз ететін тапсырыс беру жүйесін енгізу;
- жоғары біліктілікті қажет етпейтін мамандықтарға баса назар аудара отырып, мектептің жоғары сыныптарына кәсіптік бағдар беруді күшейтуге ықпал ету;
- еліміздің әр аймағына жастарды жұмыспен қамту мен бизнесті қолдау бағдарламаларын іске асыруда республика бойынша жастар

санының біркелкі бөлінбеуіне байланысты аймақтық тәсілді енгізуге қол жеткізу;

- ерекше қажеттіліктері бар жастарды жұмыспен қамтуға және оларға арнап жұмыс орындарын құруға қол жеткізу;

- студенттік және еңбек отрядтарына жұмылдыру арқылы студент жастарды жазғы демалыс кезінде жұмысқа орналастыруға ықпал ету;

- «Жастар практикасы» жобасы бойынша әрі қарай жұмысқа орналастыруға ықпал ету;

- «IT-мамандар пулы», «PR-кеңесшілер пулы» және т.б. саланың жас мамандары үшін ішкі байланыс арқылы жобаларды дамытуға және іске асыруға ықпал ету;

- түлектердің жұмысқа сәтті бейімделу мен кәсіби шеберліктерін дамыту үшін тәжірибелі және білікті көшбасшылардың менторлық институтын дамытуға қол жеткізу.

- университеттер, колледждер, стратегиялық кәсіпорындар мен ұйымдардың қатысуымен бос орындар жәрмеңкесін жүйелі өткізуге ықпалдасу.

3. Жастардың кәсіп ашуы үшін мүмкіндіктер жасау:

- кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға жастарды белсенді қатысуға шақыру;

- жас кәсіпкерлердің «Даму» қоры арқылы жеңілдетілген несие алуына жан-жақты қолдау көрсету;

- жас кәсіпкерлердің бизнес-инкубаторларға қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, олардың бизнес стартаптарына грантты қолдау жүйесін жасауға қол жеткізу;

- мектеп қабырғасынан бастап білім берудің барлық деңгейінде кәсіпкерлік негіздеріне, бизнес дағдыларға ерте оқыту механизмін енгізуге ықпал ету;

- «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп табысты жас кәсіпкерді насихаттау бойынша белсенді ақпараттық жұмыс жүргізу арқылы оларды танымал ету.

ЖАС ОТБАСЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА

*«Әрбір отбасын сақтау – Отанымыздың берік болуының кепілі.
Жас шаңырақ бақыт бесігіне айналуға тиіс»*

Қасым-Жомарт Тоқаев

Жастарға қамқорлық жасау, олардың әл-ауқатын жақсарту мен болашаққа деген сенімін арттыру – еліміздегі жастар саясатының өзегі.

Тұрақты баспанамен қамтамасыз етілген шаңырағы берік жас отбасы – еліміздің сенімді тірегі. Қазіргі уақытта елімізде азаматтардың баспаналы болу мәселелері бойынша бірқатар шаралар іске асырылуда. Алайда мемлекеттік бағдарламалар экономикалық белсенді азаматтар мен әлеуметтік әлсіз топтар үшін әлі де қолжетімділігі төмен.

Соңғы бірнеше жылда елімізде жыл сайын орта есеппен 10 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға беріліп келеді. Тек 2020 жылдың өзінде көлемі 15 миллион шаршы метр немесе 150 мың пәтер мен үйдің құрылысы жоспарланған.

Соған қарамастан, республика бойынша әлеуметтік тұрғын үй кезегінде тұрғандар саны 540 мыңнан асады, олардың ішінде басым көпшілігі Нұр-Сұлтан қаласында - 46 мың, Алматы облысында - 48 мың, Түркістан облысында - 37 мың адам.

Әлеуметтік зерттеулер нәтижесіне сәйкес тұрғын үй мәселесі, әсіресе жас отбасылар үшін өзекті мәселе екенін көрсетті. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 20%-ға жуығы баспана жағдайына көңілі толмайтынын жеткізген.

Тұрғын үй мәселесі студент жастар үшін де өзекті. Бүгінгі таңда 1,2 миллион студенттің 15% -ы ғана студенттік жатақханамен қамтамасыз етілген. 2019 жылдың соңында жүргізілген сауалнама бойынша, 92 мың студент жатақханаға мұқтаж.

Сонымен қатар, студенттер үйінің қазіргі қоры тұрмыстық жайлылық деңгейі бойынша заманауи стандарттарға сай емес. Жұмыс жасайтын жастарға жалдамалы тұрғын үй салу әлеуеті іс жүзінде іске асырылмаған, бұл олардың әлеуметтік жағдайының жақсаруын айтпағанда, олардың еңбекке қабілеттілігіне кедергі келтіреді.

Зерттеулерге сәйкес, баспана мәселесі отбасылық проблемалардың туындауына ғана емес, олардың ажырасуына себепші болып отыр. 2017 жылы 55 мың ажырасу фактілерінің үштен бірі (некеде тіркелгендердің 39%-ы) тұрақты баспананың болмау салдарынан орын

алған, бұл – отбасын сақтау баспана мәселесімен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

Баспана мәселесімен қатар отбасы институтын қолдау аясында тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес мәселелері де өзекті. Жастар арасында отбасылық құндылықтар мен гендерлік теңдік мәдениетін насихаттау аса маңызды.

МАҚСАТЫ: жас отбасылар үшін қолайлы жағдайлар жасау:

Іске асыру жолдары:

1. Жастардың қолжетімді баспана алуына жағдай жасау:

- «Жас отбасы» санатын тұрғын үйді бөлу байқауында басымдық берілетін қатысушылар қатарына қосуға қол жеткізу;
- әр аймақта жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету бағдарламасын қабылдауды міндеттеу, соның ішінде мемлекеттік-жекеменшік серіктестік тетігін де қарастыру;
- еліміздің барлық өңіріндегі жұмысшы жастарды уақытша жалдамалы тұрғын үй құрылысын қамтамасыз етуге қол жеткізу;
- қолжетімді баспана сатып алу тетіктерін түсіндіру үшін бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде ақпараттық науқанды ұйымдастыруға ықпал ету;
- өз күшімен қаражат жинап, тұрғын үй алудың мүмкіндіктерін түсіндіретін роликтер, мақалалар және басқа материалдар жариялау.

2. Жастарды сапалы студенттер үйімен қамтамасыз ету:

- 2022 жылдың соңына қарай кем дегенде 75 мың орындық жаңа студенттік жатақхананың салынуына, соның ішінде мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында жүзеге асуына қол жеткізу;
- апаттық жағдайдағы студенттердің жатақханаларын қалпына келтіруге, жөндеуге, қолданыстағы жатақханалардағы орын санын арттыруға қол жеткізу;
- үкіметтік емес сектор өкілдерінің қатысуымен жатақханалардағы студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына тұрақты түрде мониторинг жүргізу;
- университет студенттерінің кемінде 30%-ын жатақханамен қамтамасыз ету туралы талапты заңнамалық тұрғыдан бекітуге қол жеткізу.

- оқуға қабылдайтын студенттер санының кем дегенде 30%-ын жатақханамен қамтамасыз ете алмайтын жаңа университеттер мен колледждерді заң бойынша тіркеуге тыйым салу;
- жатақханаларды пайдалану ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ықпал ету.

3. Отбасы институтына жан-жақты қолдау көрсету:

- отбасылық қатынастардың барлық аспектілері бойынша, оның ішінде дағдарыс орталықтарының желісін құру арқылы қолжетімді психологиялық және консультативтік көмек көрсетуге жәрдемдесу;
- жоғары сынып оқушыларына отбасылық өмірдің негіздері мен құндылықтарын үйретуге ықпал ету, жастардың өз отбасы алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыру;
- отбасылық құндылықтарды насихаттап, отбасы институтын дамыту үшін жастарға арналған бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет-платформаларда жаңа телерадиобағдарламалар дайындауға көмектесу;
- жергілікті және республикалық деңгейде отбасылық іс-шаралар, конкурстар, олимпиадалар, викториналар өткізуге атсалысу.

4. Отбасындағы келеңсіздіктердің алдын алу:

- тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оған қарсы күрес туралы заңнамаға өзгерістер енгізу;
- жастар арасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың, әлеуметтік жағдайы төмен жас отбасылардың, бұрын отбасында зорлық-зомбылық жасағаны үшін сотталғандар мониторингінің нақты механизмін жасауға қол жеткізу;
- жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу жүйесін (ақпараттандыру, ата-аналар комитетімен өзара іс-қимыл) енгізуге ықпал ету;
- жас қыздар арасында түсік жасатудың азаюына ықпал ету (психологиялық кеңес беру, ақпараттық-ағартушылық жұмыс);
- жоғары сынып оқушылары мен колледж студенттеріне бақытты отбасын құру принциптерін түсіндіретін қосымша лекциялардың енгізілуіне ықпал ету.

ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ БОС УАҚЫТТЫ ТИІМДІ ӨТКІЗУ

«Жастар энергиясын жасампаздық және өзін-өзі жүзеге асыру арнасына бағыттау қажет»

Нұрсұлтан Назарбаев

Салауатты өмір салтын ұстану мен өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауды белсенді және жүйелі түрде насихаттау, жастардың спортпен шұғылдануына және тұлғалық дамуына жағдай жасау – жастар саясатының маңызды бағыттарының бірі.

Статистика жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мен аурулардың алдын алудың маңызды екенін көрсетеді. Жас мөлшеріне қарамастан, 2018 жылғы мәліметтерге сәйкес Қазақстанда жастар арасында өкпе туберкулезімен ауыратын – 2 631, қатерлі ісік ауруларымен ауыратын – 681, психикалық және мінез-құлық ауытқулары бар – 42 458, АҚТҚ-жұқпасын жұқтырған 520 жас азамат тіркелген. Сондай-ақ, бірінші кезекте ерте жүктілік, түсік тастау, бедеулік сынды репродуктивті денсаулық мәселелері тұр. 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда (1,35%) 15-18 жас аралығындағы босанған қыздар санының өсуі байқалды (босанғандардың 2-3%-ы 15-29 жастағылар) .

Осыған байланысты салауатты өмір салтын насихаттау жастар арасындағы маңызды бағыттардың біріне айналып отыр. Сонымен қатар мамандар жаттығулардың жиілігі мен сапасына назар аудара отырып, спортпен шұғылданатын адамдардың санын анықтау әдістемесін сыни тұрғыдан бағалау қажет деп санайды.

Бүгінгі таңда сондай-ақ жеке тұлғаның дағдыларын дамыту ерекше өзекті болып отыр. Офлайн және онлайн режимде түрлі курстарға, семинарларға қатысып, қосымша білім алатындар, жеке дағдыларын дамытып, жарыстарға, марафондарға және жарнамаларға қатысатындар көбейді.

Жастардың бос уақытын қызықты және пайдалы өткізуіне мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалуы тиіс. Бұл мәселеге жеткіліксіз көңіл бөлу деструктивті идеялардың таралуына, қылмыстың және басқа да жағымсыз құбылыстардың көбеюіне әкелуі мүмкін. Социологиялық зерттеулерге сәйкес, ауыл жастарының 38,3%-ы демалыс орындары (театрлар, кинотеатрлар, жастар үйлері және т.б.) жоқ екенін мәлімдейді.

Қала жастарының 63,1%-ы ойын-сауық орындарына қанағаттанатынын атап өтсе, қалған 15,4%-ының көңілі толмайды.

МАҚСАТЫ: жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасау.

Іске асыру жолдары:

1. Салауатты өмір салтын насихаттау:

- барлық елді мекендерде жастарға арналған ашық жаттығу алаңдарының, қолжетімді спорт секцияларының, клубтар мен спорт залдардың ашылуына қол жеткізу;
- жастарды бұқаралық спорттық іс-шараларға тарту, студенттік универсиадалар, спорт күндерін, жарыстар, сондай-ақ Ironman, Oceanman сында ұлттық және халықаралық деңгейдегі марафондар ұйымдастыру;
- аурудың алдын алу үшін тұрақты тексерулерден өтудің маңыздылығы мен қажеттілігі туралы жастардың хабардар болуына ықпал ету;
- түрлі жас санаттарын ескере отырып, менталды денсаулықты нығайту бойынша арнайы бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге атсалысу;
- жасөспірімдер арасында зиянды және жаман әдеттердің алдын алудың нақты тетіктерін енгізуге ықпал ету;
- жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге, жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруге бағытталған жастар арасында танымал, отандық кинематографиялық өнімдер шығаруға ықпал ету;
- шағын қалалар мен ірі аудан орталықтарында заманауи кинотеатрлардың ашылуына, оның ішінде жеке секторға ұйымдастырушылық және қаржылай көмек көрсетуге жәрдемдесу;
- қазіргі жастардың қызығушылығын ескере отырып, еліміздегі кітапханаларды білім мен демалыс орындарына айналдыру - барлық елді мекендердегі кітапханаларда лекторийлер, кофеханалар ашылып, Wi-Fi қосылуын қамтамасыз етіп, кем дегенде 50%-ын қайта құру;
- жастар арасында кітап оқу мәдениетін насихаттау, кітап алмасу жобаларына қолдау көрсету, кітапханалар базасында жас оқырмандар клубын құру;
- мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында мәдениет пен өнердің түрлі саласындағы креативті, дарынды жастарды қолдау үшін жаңа жобалар әзірлеуге атсалысу;
- жастар арасындағы таланттарды анықтау үшін шығармашылық, ғылыми және басқа да байқаулар өткізу;

- әдебиет, мәдениет, ғылым, спорт сынды түрлі саладағы жас таланттарды - «жаңа есімдерді» барлық жастарға үлгі ретінде насихаттау.

1. Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру:

- нетворкинг пен ынтымақтастықты жақсарту үшін барлық өңірлердегі студенттік және жастар ұйымдарының жұмысын үйлестіру;
- түрлі акция, конкурс өткізу арқылы жастарды сүйікті ісімен айналысуға, пайдалы хоббиін табуына ынталандыру;
- жастардың бос уақытын тиімді өткізу үшін барлық облыстарда, облыстық маңызы бар қалаларда, аудандық орталықтарда коворкинг орталықтарын құруға жәрдемдесу;
- орта, арнаулы орта және жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына экологиялық білім беру пәнінің енгізілуіне ықпал ету;
- жастар арасында ішкі туризмді, оның ішінде экологиялық туризмді кеңінен насихаттауға жағдай жасау.

2. Жастар арасындағы қылмысты азайту:

- оқушылар мен студенттер арасындағы дискриминацияның, қорлау мен зорлық-зомбылықтың алдын алу және білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік педагогтардың, психологтардың жұмысын күшейтуге ықпал ету;
- жастар арасында қылмыстың алдын алу бойынша жүйелі ақпараттық-насихаттау жұмыстарын жүргізуге ықпалдасу;
- жастар арасындағы агрессия мен заңға қарсы ойлардың деңгейін төмендету үшін құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып шаралар әзірлеу және оларды іске асыру.

#VISION 2025 – БІЗ БЕЛГІЛЕГЕН МЕЖЕ

«Қазір қолға алынған жұмыстардың бәрі сіздердің бақытты өмірлеріңіз, сондай-ақ өз әлеуеттеріңіз бен мүмкіндіктеріңізді толық жүзеге асыра алу үшін атқарылып жатыр»

Нұрсұлтан Назарбаев

Тәуелсіздік жылдарында көптеген сынақтан өткен біздің аға буын, дағдарыстық әрекеттен жол таба білудің бірегей мүмкіндігін бізге көрсетіп келеді. Сәйкесінше бірлігімізді сақтау мен оны нығайту жолындағы нық қадамдар негізгі ұстанымымызға айналды.

Біз, белгіленген бағытты ұстана отырып, қазіргі Қазақстанның бізге берген мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға бар күшімізді саламыз.

Біз барлық жаңашылдықтың көшбасында болуға ұмтыламыз, бар күшімізді өзін-өзі дамытуға, аса маңызды саяси-қоғамдық мәселелерді шешуге белсене араласуға жұмсаймыз.

Барлық саладағы өмір салтының жаһандық өзгерісі жүріп жатқан кезеңде біздің жастарымыздың өз мүмкіндігін жүзеге асыра алуы, қоғамда өз орнын таба білуі және әлеуетін ашуы аса маңызды.

2025 жылға дейінгі біздің Бағдарламамыздың нәтижесі келесі бес бағыт бойынша белгіленген міндеттерді тиімді жүзеге асыру болмақ:

✓ **жастардың еліміздің қоғамдық-саяси өміріне араласуы артады;**

✓ **қазақстандық білім беру сапасы оңдалады;**

✓ **жастарға еңбек нарығында өздеріне лайықты жұмыс орындарымен қамтамасыз етіледі;**

✓ **жастар үшін тұрғын-үй қолжетімді болады;**

✓ **жастарға үздіксіз жаңа білім алуға деген ұмтылысы үйреншікті әдетке айналады.**

Біз 2025 жылға қарай «Nur Otan» партиясымен және мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, қоғамдық ұйымдардың көмегімен барлық міндеттерді іске асыра келе, алға қойған мақсаттарымызға қол жеткізетінімізге сенімдіміз. Ол үшін біздің елде барлық жағдай жасалған.

Бағдарламада көрсетілген 100 нақты шараның бес бағыт бойынша сәтті іске асырылуы қазақстандық жастардың өмір сүру деңгейі мен әлеуметтік әл-ауқатының жақсаруына ықпал етеді.

Біз барлық сын-қатерлерді бірге жеңеміз!